

**Аудан әкімдігі жанындағы «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» отырысының ХАТТАМАСЫ
№1**

Құлан ауылы

2026 жылғы 6 қаңтар,
сағат 17.00, аудан әкімдігінің
үлкен мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Б.Тұрсынбек - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия хатшысы: А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

Қатысқандар: тізім бойынша (қоса тіркеледі).

Күн тәртібі:

1. Қарақат ауылында орын алған оқыс оқиғаға қатысты;
2. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

(Б.Тұрсынбек, Ә.Жомарт)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), №2 орта мектебінің директоры (Ә.Жомарт, келісімі бойынша), аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің міндетін атқарушы (А.Бекебаева, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Е.Түменбаев, келісімі бойынша), Құлан ауылдық округінің әкімі (Е.Сейтжапаров), заң талаптарына сәйкес:

2.1. Аудандық орталық аурухана тарапынан оқыс оқиға орын алған отбасындағы кәмелетке толмағандарға қатысты медициналық-бейімдеу жұмыстарын жүргізілуін, арнайы мамандардың қызмет көрсетуін ұйымдастырсын.

Орындалу мерзімі: 16.01.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

2.2. Аудандық білім бөлімі тарапынан білім беру ұйымдарындағы психологтарды жеке жұмыс бөлмесімен қамтылуы бойынша талдау жүргізсін, психологтарға арнайы бөлме беру мәселесін шешуді қамтамасыз етсін. Аталған мәселе бойынша облыс әкімдігінің білім басқармасына ұсыныс хат жолдасын.

Орындалу мерзімі: 16.01.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

2.3. Қарақат ауылындағы отбасында орын алған оқиға балалардың психикасына кері әсер етуіне байланысты, қауіпсіздікті қадағалау үшін мектеп әкімшілігі тарапынан (ахуал тұрақталғанға дейін) күнделікті бақылауды ұйымдастырсын.

Орындалу мерзімі: түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

2.4. Орын алған оқиғаны назарға алып, алдағы уақытта атқарылатын іс-қимылдарды айқындап, тиісті органдармен байланыс орнатып, психологтар, ювеналды полиция инспекторларымен, прокуратурамен тағыда басқа мүдделі органдармен келісе отырып, нақты іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар уақтылы, сапалы, нәтижелі іске асырылсын.

Орындалу мерзімі: 08.01.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

3. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), заң талаптарына сәйкес:

3.1. Білім беру ұйымдары дене немесе бас жарақатын алған жасөспірімдердің денсаулық жағдайын қатаң бақылауға алсын. Денсаулығында қандай да бір өзгерістер анықталған жағдайда ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, медициналық бақылауға алуды қамтамасыз етсін.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

3.2. Психологтар анықтаған әрбір зорлық-зомбылық немесе суицидтік көңіл-күй жағдайы бойынша қорғаншылық органдары тарапынан отбасыларға баруды қамтамасыз етіп, қажет болған жағдайда тиісті органдарға көмек көрсету үшін жолдансын.

Орындалу мерзімі: түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

3.3. Оқушылар арасында жүргізілген анонимді сауалнама нәтижелерін зерделеп, қиындықтары анықталған балаларға көмек көрсету бойынша шаралар қабылдасын, барлық мән-жайларды анықтап, себептерін айқындап, оларды жою бойынша жұмыстар жүргізісін.

Орындалу мерзімі: түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

3.4. Барлық мектептерді білікті психолог мамандарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдап, олардың мәртебесі мен біліктілігін арттыру мәселесін шешсін.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.

3.5. Осы уақытқа дейін оқыс оқиғаларға душар болған немесе оған оқталған (суицид, қылмыс және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе оны жасауға оқталған, өзгелерден жәбір көрген т.с.с) кәмелетке толмаған жасөспірімдермен

жұмыс жүргізетін жауапты мамандардың (оқу орнының басшысы, психолог, сынып жетекшісі, т.с.с.) қатаң бақылауларында болуын қамтамасыз етсін.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау, жыл сайын.

3.6. Білім бөлімі тарапынан әр оқушының әлеуметтік паспортындағы деректерді жаңартып (отбасы мүшелері туралы мәліметтер, балаларды асырап алуы немесе отбасы мүшелерінің туыстық қарым-қатынастары т.с.с.), толықтырулар енгізісін, отбасы мүшелерімен сұхбаттасып, зерттеп, рисктерді анықтау жұмыстары жүргізілсін.

Орындалу мерзімі: 20.01.2026 жылға дейін, әрі қарай түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

4. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы (Н.Базарқұлов, келісімі бойынша), аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы (Е.Шабеев), заң талаптарына сәйкес:

4.1. Жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы өткізуге бағытталған мәдени, патриоттық, құқықтық, еріктілік және көшбасшылық бағыттағы іс-шараларға, спорттық секцияларға есепте тұрған және қауіп тобындағы жасөспірімдерді тарту бойынша жұмыстар жүргізісін.

Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау, жыл сайын.


5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы



Б.Тұрсынбек

Комиссия хатшысы



А.Сәрсеханұлы